

ӘОЖ 811.512.122:014.12

Ш.М.Мажитаева, С.Ә.Рахымберлина, Ж.Д.Рапишева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*  
(E-mail: sagila\_a@mail.ru)

### **Қазақ ономастикалық кеңістігіндегі прецедент есімдердің табиғаты**

Мақалада қазақ тіл біліміндегі антропоцентристік бағыт аясындағы тіл мен таным бірлестігі, сөз құдіреті, қазақ халқының ментальдық ерекшеліктерінен ақпарат беретін тілдік бірліктер — кісі есімдерінің — жалпыадамзат мәдениетінің бір бөлшегі ретінде, халықтың өзіне ғана тән тұрмыс-тіршілігінен хабар беретіні жайлы сөз болады. Авторлар «әлемнің тілдік бейнесінің» халқымыздың сан ғасырлық рухани-мәдени құндылықтарын, жүріп өткен жолын, өмір сүру салтын, дәстүрін бейнелейтін, солардың негізінде қалыптасқан тіл бірліктері — прецедент есімдерде сақталатынына назар аударып келіп, қазақ антропонимикасындағы прецедент есімдердің көрінісіне тоқталды.

*Кілт сөздер:* антропоцентризм, әлемнің тілдік бейнесі, деоним, прецедент есімдер, трансонимдену құбылысы, когнитивтік сана, ғылыми парадигма.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында ғылымда, оның ішінде тіл ғылымы саласында болған төңкеріс ғалымдардың назарын антропоцентристік бағытқа бұрғаны мәлім. Антропоцентристік бағыттағы соны ізденістер «әлем көрінісін» тілмен байланыста қарау арқылы адам табиғатын тануды мақсат етеді. Кезінде В.фон Гумбольдт ілімдерінен бастау алған «әлемнің тілдік көрінісі/моделі» ұғымы ресейлік және қазақстандық ғалымдардың зерттеу еңбектерінде кең қолданысқа түсті. «Әлем бейнесін» тілдік бірліктердің, яғни, атаулардың көмегімен түсіну адамның, сол арқылы этностың басқаға ұқсамайтын қасиеттерін ашу, таным дүниесінің қырларын анықтау арқылы дүниені тану ерекшеліктерін бағалау болып табылады. «Әлем бейнесі» жалпыға ортақ болғанмен, әр халықтың қабылдау ерекшеліктері түрліше болады. Ол міндетті де. Ұлттық қалып, ұлттық шеңбер аясында әр ұлттың басқаға ұқсамайтын тілі мен ділі, ойлау жүйесі, тарихы мен мәдениеті, яғни дүниетанымы, бар. Өмір, қоршаған дүние туралы ой-пікір, көзқарас — халықтың ғасырлар бойғы іс-тәжірибесінің жемісі. Санада әбден қорытылып, уақыт елегінен өткен ұғым-түсініктер, наным-сенімдер, әдет-ғұрып, салт-сана, тәлім-тәрбие «әлем бейнесін» қабылдаудағы басты сүзгі, ұстаным болмақ. Адам, оның санасы — ешбір ғылым түпкілікті зерттеп бола алмайтын күрделі де жұмбақ феномен. Адам санасы бір ғана сәтте заттың не құбылыстың барлық жақсылы-жаманды қасиеттерін сүзіп шығып, алуан түрлі қасиеттерінің ішінен біреуін ғана атауға негіз болады. Ол қасиет ұлттың ментальдық ерекшелігін көрсететін дүниетанымына, аялық біліміне байланысты.

«Тіл — ойлау — объективті шындық» ұштағаны субъективті шығармашылық қызметпен тікелей байланысты. Қазақ этносының «әлем бейнесін» қабылдаудағы ерекшеліктері ұлттық санамен тікелей байланысты. Ұлттық сананың құрылымы, мазмұны әлеуметтік жағдайдың ықпалымен қалыптасады, қоғамның әлеуметтік ұжымы мен нақты субъектілердің тұлғалық жеке санасының ара қатынасынан туындайды.

Қазақ халқының жалпыадамзаттық құндылықтар қатарына кіретін асыл мұрасы — ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, ұлттық болмыс-бітімі. Антропонимика саласы жер бетіндегі ең күрделі жаратылыс — Адамды, оның есімін зерттей отырып, тұтас бір ұлттың ментальдық қасиетін анықтайды.

Белгілі бір тілдің ономастикалық кеңістігін құраушы жалқы есімдер, ең алдымен, лексикалық қордың негізгі бөлігін алып отырған тілдік бірліктер болып табылады. Ұлттық-мәдени, танымдық-когнитивтік белгінің апеллятивке қарағанда есім семантикасындағы үлес салмағының көптігі белгілі [1]. В.А.Никоновтың сөзімен айтқанда, «имя — слово и, как все слова, подчиняется законам языка, т.е. подлежит ведению языкознания. Поэтому ономастика (в том числе и антропонимика) — часть лингвистики» [2; 6]. Жалқы есімдер, дайын тілдік бірлік ретінде, жаңа атау жасау үдерісіне белсене қатысады. Трансонимдену құбылысы жалқы есімдердің бір топтан екінші топқа ауысып, жаңа атауыш бірлік ретінде кейінгі атаудың тууына жағдай жасайды. Қоғамдағы әлеуметтік, тарихи, саяси, экономикалық, мәдени және т.б. қарым-қатынастар атау берудің жаңа үлгілерін ұсынып, ұлттың когнитивтік санасын жаңаша біліммен, танымның жаңа қырларымен толықтырады. Кеңес дәуірінен кейінгі кезеңнің өзі мұның жарқын мысалы бола алады. Атақты, тарихи тұлғалар есімдері жаңғыртылып, қала (*Сәтбаев, Абай*), аудан (*Бұқар жырау, Қазыбек би*), көше (*Абылай хан, Қабанбай, Төле би, Әйтеке би*), мәдени-тұрмыстық кешендер (*Томирис дүкені, Алтамыс балабақшасы*) т.б. нысандарға атау болып эргоним; жұлдыз (*Шәмші*), планета (*Сәтбаев*) т.б. кісі есімдері космоним қатарына өтіп жатса, көптеген этнонимдер (*Мадияр, Алтай, Дулат, Аргын* т.б.) мен жер-су атаулары (*Байқоңыр, Жездібек, Байғұл* т.б.) сәбилерге қойылып, кері үдеріс жүруде. Мұндай танымдық үрдіс жалқы есімдердің өз ішінде ғана емес, жалқы мен жалпы есімдер арасында да үздіксіз болып жатады. Жалпы есімнен жалқы есімнің тууы табиғи, үйреншікті болғанымен, жалқы есімнің жалпыға айналуы — тілдік сананың когнитивтік базасының күрделі көрінісі.

Қазіргі тіл білімінде деоним (бейоним) деп аталатын мұндай есімдер тілімізде арнайы зерттеу нысаны болмағанымен, кезінде ғалымдарымыздың назарын аударған мәселе қатарында атауға болады. Онтономасия деп аталған бұл құбылыстың нышандары туралы академик І.Кенесбаевтың еңбегінде айтылады. Ғалым жалқы есімнің тууына негіз болған жалпы есімдер, екі есімдер тобының арасындағы өзара қарым-қатынастар туралы айта келіп, осыған кері процестің, яғни, жалқы есімдердің жалпы есімге айналуын, соның нәтижесінде ауыз әдебиеті кейіпкерлері есімдерінің лақап есімге айналуын мысалдар арқылы көрсетеді. «...Многие лично-собственные имена, закрепившиеся в устном поэтическом творчестве народа, связывались с конкретными чертами характера героев легенд и преданий и, приобретая обобщающее значение, становились нарицательными» дей келіп, ауыз әдебиеті үлгілеріндегі *Қарабай, Қарынбай, Шығайбай*; Б.Майлин шығармаларындағы *Мырқымбай* т.б. мысалдар негізінде дәлелдейді [3].

Қазақ ономастикасының негізін қалаушы Т.Жанұзақов та бұл мәселеге өз көзқарасын білдіреді. Жалқы және жалпы есім арасында болатын ауысу заңдылығының тілге тән құбылыс екендігін айта отырып, бұл құбылыстың тіліміздің сөздік қорын байытудың бір тәсілі болып табылатынына, мұндай есімдердің семантикалық құрылымы мен ұғымы әр уақыт заттық мағынаға ие болатынына назар аударады [4].

Тууына негіз болған жалқы есімнен әбден қол үзген мұндай есімдер бейоним (деоним) деп аталады. Бейоним — жалқы есімнен пайда болған апеллятив, немесе, Н.В.Подольскаяның анықтамасы бойынша, «онимнің апеллятивке қосымшасыз өту үдерісі». Қазақ, орыс тілдеріндегі бейонимдену құбылысы салыстырмалы түрде А.Е.Биженованың еңбектерінің арнайы зерттеу нысаны болды. Зерттеуші «бейонимдік лексика жалқы есім мен жалпы есімнің шекарасында орналасады, ал жалқы есімнің жалпы есімге айналуы есімді иеленуші денотаттың атақты, белгілі болуының арқасында есімнің ол денотатпен байланысын үзуінен туады» деген қорытындыға келеді [5]. Осы мәселеде Г.Б.Мәдиева *Қыз Жібек, Төлеген, Балуан Шолақ, Алдаркөсе, Қарабай, Алатау, Ордабасы* т.б. вербалдық белгілердің онимдік және апеллятивтік лексиканың шекарасында орналасқанын, бойларында жалқы есімнің барлық қасиеті сақталғандығын айта келіп, ғылыми-зерттеу еңбегінде прецедентті есімдер табиғатына арнайы тоқталады [6; 85].

Прецедентті есімдер — негізінен нақты адамды (оқиғаны, қаланы, нәрсені т.б.) атау үшін емес, өз бойына жинақтаған қандай да бір образды бейнелеу үшін қызмет ететін және көпшілікке танымалдығымен ерекшеленетін жалқы есімдер. Прецедентті есімдер — «әлемнің тілдік бейнесін» қалыптастыруда шындық болмыстың түсінігі, санаты, бағасы сияқты прецеденттік концептілердің бейнесі ретінде көрінетін тілдік бірліктер. Түрлі лингвомәдени қоғамдастықтың өзіне ғана тән прецеденттік атауларымен қатар, жалпыадамзаттық көлемдегі атаулардың болуы әбден мүмкін. Мысалы, әлемдік деңгейде *Дон-Жуан, Мать Тереза, Наполеон* т.б., орыс халқының тарихында *Петр I, Чапаев, Пушкин, Иванушка* т.б. болса, қазақ халқында *Атымтай жомарт, Асанқайғы, Қарабай* т.б. есімдер ұлттық шындықты, ұлттық мінез бен менталитетті көрсетері даусыз. Яғни прецедент есімдер

әлемнің ұлттық бейнесін көрсететін, өмірдің шындық бейнесін халық санасында қалыптастыратын және дамытатын бірден-бір маңызды құрал болып табылады.

Түрлі ғылыми бағыттарға сәйкес зерттеушілер прецедент құбылысын интертекстема, прецеденттік феномен, тарихи немесе әдеби метафора, мәтіндік реминесценция, логоэпистема, антономазия және аллюзия, жалпы есімге айналған жалқы есімдер деп түрліше атайды. Аталған терминнің әрқайсысы өз ғылыми парадигмасында қолданылады және сол парадигмадағы көзқарастар жүйесін білдіреді.

Тіл біліміндегі прецеденттік феноменін зерттеушілер Д.Б.Гудков, Ю.Н.Караулов, В.Г.Костомаров, В.В.Красных т.б. зерттеу еңбектері халықтың тілдік санасының когнитивтік базасындағы прецедент феноменінің қалыптасуы мен орыс лингвомәдени қоғамындағы прецедентті есім феноменін айқындаудағы негізгі концептілерді белгілеуге бағытталған.

Этникалық ұжымның әрбір мүшесінің базалық білімі белгілі бір дәуірдегі ортақ тілдік ономастикалық білімді, кеңістікті қалыптастырады. Яғни, бір тілде сөйлеуші халықтардың бәріне ортақ мәдени-ұлттық байлықтың тілдік көрінісі прецедентті есімдерден көрінеді. Зерттеушінің: «...под прецедентными именами понимаются индивидуальные имена, связанные, прежде всего, с широко известной исторической личностью, литературным персонажем, политической фигурой, географической реалией, имеющими определенную ценность для народа, а также с конкретной ситуацией, хорошо известной носителям языка, воспроизводимой в коммуникации при определенных ассоциациях и узнаваемой коммуникантами. При актуализации прецедентного имени в речи у говорящих возникают о данном феномене определенные национально детерминированные представления, которые хранятся в общественном когнитивном пространстве» [6; 91], деген анықтамасына сүйене отырып, бейресми есімдердің пайда болуына әсер еткен прецедентті есімдерге тоқталайық.

Жоғарыда айтылғандай, прецедентті есімдер жеке алғандағы белгілі бір ұлттың когнитивтік санасының көлемінде болуы да, жалпы адамзатқа ортақ когнитивтік кеңістікте болуы да мүмкін. Ұлттық дәстүрдегі есімдер қатарында төмендегі мысалдарды атауға болады:

І. Белгілі, атакты адамдар мен тарихи тұлғалар есімдерінен жасалған есімдер қатарында *Әз Жәнібек*, *Төле би*, *Дарабоз*, *Ақсақ Темір*, *Жаяу Мұса*, *Біржан сал*, *Ақан сері*, *Қажымұқан*, *Балуан Шолақ*, *Өкірегені* т.б. есімдерді атауға болады.

*Әз Жәнібек* /Жәнібек/ — халық санасында дана да ақылгөй хан ретінде сақталғандықтан, өте дарынды, үздік оқушыға берілген есім.

Тарихымызда екі тұлға «әз» атанса, ол есімді берген халық, оның сүйіспеншілігі, құрметі. «Әз тұтты» (*қадірледі, құрметтеді, сыйлады, бір тұтты, әулие тұтты* мағынасын беретіні белгілі (ҚТТС, 1961). Ел билеушісінің көпшілікке жағуы, тілін табуы, сый-құрметіне бөленуі — екінші бірінің қолынан келмес іс. 1456 жылы құрылған Қазақ Ордасының негізін салушылар Орыс ханның шөберелері Керей мен Жәнібек даналықпен ел бастаған хан болды. «Алдымен жасы үлкен Керей ақ киізге хан көтерілгенімен, қазақ жұртының іргеленуі Жәнібек тұсында болса керек...Жәнібектің қазақ тарихындағы айрықша тұлға екендігінің бір белгісі — ол халық санасында әулиеге пара-пар, ақылды әрі әділетті әмірші ретінде таңбаланған, ұлттық тарихымызда жай ғана Жәнібек хан деп аталмайды, *Әз Жәнібек хан* деп аталады» (М.Мағауин).

*Төле би* /Төлеутай/ — асқан даналығымен, ақылдылығымен және шешендігімен халық жадында мәңгіге сақталған Төле бидің есімі мақалдап-мәтелдеп сөйлейтін шешен жігітке берілуі заңдылық деп түсінген абзал.

*Дарабоз* /Жағыпар/ — жауға қарсы жалғаз шабатын батыр бабамыздың «Дарабоз» есімі алыс, жақын қашықтыққа жүгіруден алдына жан салмайтын балаға берілген.

*Ақсақ Темір* /Темірғали/ — аяғын сәл сылтып басатын кісі.

*Жаяу Мұса* /Мұқажан/ — халықтың когнитивтік санасында әнші-сазгерлігінен де бұрын әлеуметтік теңсіздіктің қасіретін тартқан, «аузы қисық бай баласының» арқасында атынан айрылған жан есебінде сақталғандықтан, 5–6 шақырымдық жерлерге көлікті пайдаланбай үнемі жаяу жүретін кісіге қойылған.

*Біржан сал* /Біржан/ — ұлттық санамызда «сал-сері» концептісі — басқаға ұқсамайтын ерекшеліктің үлгісі. Ұлттық өнер мен әдет-ғұрыпты тең игерген өнерпаз есімі әрі аттас, әрі сәнді киім киіп, сыпайы сөйлеп, домбырамен ән айтатын адамға қойылған.

*Ақан сері* /Жақан сері /Жақсыгелді/ — Ақан/Жақан дыбыстық ұқсастықпен бірге, ат баптаумен айналысып, бәйгеге ат қосатын адамға берілген.

Қара күштің иелері *Қажымұқан*, *Балуан Шолақ* есімдері халықтың когнитивтік санасында жауырыны жерге тимеген балуан ұғымымен астасқандықтан, бас бәйгені күреспей алатын кісіні *Қажымұқан* /Серәлі/ деп, ал кезінде атақты балуан атанып, жылқыға салған бұғалықтың қыл арқаны қолын кесіп кеткен кісі *Балуан Шолақ* /Өзаман/ лақап есімімен аталған.

*Өкірегені* /Нұрлан/ лақап есімінің берілуі ұлттық тарихтан хабары бар әрбір адамға түсінікті. Ұлттық когнитивтік санаға орныққан Сүлейменнің «Бақырғани» лақап есімінің белгілі себеппен келесі адамға берілгенін көруге болады.

*Шыңғыс хан* /Жарас/ — бала кезінен ешкімге аяушылық білдірмейтін қатты мінезімен ерекшеленген жас жігітке таңылған есім. Шыңғыс хан халық санасында әділ де қатал басшы (бауырын өлімге қиған) ретінде сақталғандықтан деп түсінеміз. Қ.Жалайырдың «Шежірелер жинағында»: «Мұңлие-Ичигеннің ұлы Көкәчу Тәб-Тәңірі атты Карим нафс атты көріпкел, әулиенің аузымен: «Алла тағала бұйрық тұр, сенің атың Шыңғыс хан болғай. Шыңғыс хан демектің мағынасы патшалардың патшасы демек болады» делінеді [7].

II. Ауыз әдебиеті мен жазба көркем әдебиет кейіпкерлерінің есімінен жасалған: *Ер Төстік* /Қайрат/ — отбасындағы тоғыз ұлдың кенжесі; *Асанқайғы* /Төлеш/ — ештеңеге көңілі толмай, дүниенің бар қызығынан түңіліп отыратын кісі; *Қарабай* /Қаратай/ — (дыбыстық ұқсастық коннотация үстейді) қора-қора малын жұмсауға қимайтын адам; *Алдар* /Сәулебек/ — өтірікшінің шын сөзі де өтіріктің кебін киіп жүрген орта жастардағы кісі; *Қожанасыр* /Айдос/ — аңқау, сенгіш кісі; *Шойынқұлақ* /Қайкен/ — құлағы үлкен; *Төлеген* /Ғазиз/ — елуді еңсерсе де, зайыбының асты-үстіне түсіп отыратын кісі; *Бекежан* /Еркеғали/ — бірін-бірі ұнатқан екі адамның арасына түсетіні үшін; *Құрмаш* /Ербол/ — қасқырдың бөлтірігін асыраған бала; *Бандыны қуған Хамит* /Хамит/ — түрмеден қашқан қылмыскерді ұстауға көмектескен ауылдық милиционер т.б. есімдерді кездестіруге болады.

III. Көркем шығарманың атауынан жасалған: *Қан мен тер* /Жанас/ есімі — ертелі-кеш демалуды білмейтін кісіге берілсе, *Көшпенділер* /Жақаевтар/ — отағасының қызмет бабымен жиі көшіп-қонатын отбасына берілген есім.

Жоғарыдағы лақап есімдерден адам қиялының, тапқырлығының халық рухымен үндестігімен қоса ұлттық тарих пен мәдениет, әдебиет жөніндегі аялық білім, ұлттық санадағы қалыптасқан стереотип байқалады. Этностың когнитивтік кеңістігінде бұрыннан бар есімдердің «мазмұндық» та, «тұлғалық» та түрлі тарихи ассоциацияларды туғызуға негіз болғанын көреміз. Тілдік санада сақталған онимдік бай қор бейресми есімдерге ұлттық нақыш, ұлттық колорит беріп тұр.

Прецедентті есімдердің жоғарыдағы түрлерінен басқа фреквенталды есімдер тобын атауға болады. Бұл есімдердің ерекшелігі — олардың бір емес, бірнеше халықтың когнитивтік санасына ортақтық қасиеті. Елдердің көршілес орналасуы, саяси-мәдени байланыстар мен елдегі тілдік саясат т.б. факторлар бірнеше тілге ортақ есімдердің тууына, ал ол есімдер прецедентті қасиеттеріне орай лақап есімдердің тууына әкеледі. Мысалы, *Гитлер* /Жанас/, *Сталин* /Серәлі/, *Чанай* /Мерей/, *Мистер Бин* /Бейсенбек/, *Геракл* /Мұхтар/, *Шрек* /Шерполат/, *Джеки Чан* /Несіпбай/.

Мектеп жасындағы балалар арасында лақап есімдер кең қолданысқа ие, сондықтан да өмірбаяндық шығарма болсын, көркем әдебиет болсын, кейіпкер балалардың бейнесін жасауда, олардың сезім-күйлері мен танымдық ой-пікірлерін білдіруде жазушы лақап есімді жиі пайдаланады. Басқаға түсініксіз есімдердің қатар құрбы-құрдас арасында өзекті болып, қолданысқа түсуі прецеденттіктің көрінісі деуімізге болады. Мысалы, Қ.Ысқақовтың «Қоңыр күз еді» повесінде кездесетін «*Беликов*» есімі бұған дәлел: «Интернаттың завхозы Зейнолла орта жастағы, сүзеген бұқа сияқты бұрылмайтын адам еді. Шілденің шіліңгір ыстығында мысық жағалы көнетоз қыстық пальтосын үстінен тастамайтын. Балалар көзінше «Ағай» десе де, сыртынан «*Беликов*» деп айдар тағып алған. Жақтырмаған кісіге бір көзін аса қарап, бір көзін баса қарайтын ежелден әдеті еді, үстіндегісін шешіп беріп отырғандай-ақ қиналып, қыржиып-быржиып әрең дегенде үлкен әбдіренің ішінен қырқыншы размерлі жұмыс бәтеңкесін алдыма торс еткізіп тастай салды».

Прецедент есімдерді сөз еткенде халқымыздың ұлттық санасынан орын алған жан-жануарлар, аң-құс атауларынан айналып өте алмаймыз. Елдің елдігі мен халықтың бірлігін сақтаған ата-бабаларымызды ұлттық менталитетімізден ерекше орын алатын текті де қасиетті аң мен құсқа балау *Қарлығаш әулие* /Төле би/, *Арқаның арыстаны* /Қозыбай шешен Нәупілұлы/, *Ақиық сұңқар* /Сенкібай батыр Оразғұлұлы/ лақап есімдерінен, *Таймінер* /М.Дулатов/, *Тайлақбай* /Т.Жароков/, *Тарпаң*, *Тоқпақ* /С.Қожанов/, *Қарлығаш*, *Шағала*, *Қаршыға*, *Көгершін* (белгісіз б.е.) бүркеншік есімдерінен көрініс табады. Қияға самғар сұңқар мен қаршыға; адал, ақ ниетті қарлығаш пен көгершін және аң патшасы — арыстан концептілері аталған тұлғалардың ерекше қасиеттің, даралықтың иелері екенін танытады.

Мейірім мен адалдық, алғырлық пен қайсарлық — аталған нысандардың ортақ белгісі, араларын жалғастырушы дәнекері. Яғни, халқымыздың ержүректікті — арыстанға, жолбарысқа; ұшқырлық, алғырлықты — қыранға, сұңқарға; сүйкімділікті — құралайға, ботаға; момындықты — қойға, қозыға теңеуінің ар жағында халықтың өмір тәжірибесімен байланысты антропометриялық дүниетанымы жатыр. Қазақ халқы үшін жылқы малының орны ерекше екені белгілі. «Ат — адамның қанаты» деп бағалаған халықтың ұлдары өздерін «Тарпаң» атап, «бас білмейтін, үйретілмеген асауға» (ҚТТС, 9-т.) теңесе, ол — күшті ерік пен жігердің, өрліктің белгісі. Осындай бір дерек Р.Жұбанованың (Құдайберген Жұбановтың жұбайы) естелігінде берілген: «...біз Құдайбергеннің аулына келгенде, Тәпеннің (Құдайбергеннің ағасы) жұбайы Балбөпе (ел арасында «Сарыайғыр», «Сәкең» атанған) маған ерекше ықылас білдірді. Сәкең ауыл жастарының ұйытқысы екен. Өзі әнші, өзі домбырашы, өзі сұлу, сауықшыл адам (Сәкеңнің Балбөпе атын кейінгі жастар тек сельсоветтің книгасынан ғана көретін)» [8]. Сондықтан да *Бозайғыр* /Бозмұхамет қажы/, *Сарыайғыр* /Балбөпе/ лақап есімдерінің аялық білімі ұлттық салт-санадан хабары бар әрбір тілдік тұлға үшін түсінікті. Жылқы малының халқымыз үшін орны бөлектігі мәлім. Үйірін басқа айғырдан, қажет болса ит-құстан қорғап, шайнасып-тебісіп жолатпай жүретін айғырдың қасиеті екі есімнің де пайда болуына уәж болған. Алғашқысы кісінің төл есімінің бірінші сыңарына тіркесіп, екіншісі түр-түс ерекшелігін білдіріп, бірақ екеуінде де мінез ерекшелігі, «алдына келгенін тістеп, артына келгенін тебетін» жылқы мінез байқалады.

Лақап есімдердің уәжін анықтауда В.А.Никоновтың төмендегі: «В распространенных теперь лжеклассификациях «по животным», «по растениям» и т.п. имя Арслан «лев» попадает в группу «по животным». Но родители, давая имя, думали, конечно, не о льве — четвероногом млекопитающем, а хотели чтобы мальчик стал сильным и смелым, как лев. <...> Место имени Арслан — в одной семантической группе не с именами, означающим «заяц», «собака», а с именами, образованными от слов «орел», «дуб», «сталь», «богатырь» /.../ — пожелания мальчикам вырасти сильными и смелыми», — деген пікіріне сүйендік [2; 94]. *Көкжал Барақ, Қасқыр* /Бейсен/ лақап есімдері флора мен фаунаға қатысты топта емес, «қайсарлық», «батылдық» уәжі негізінде адамның ерекше қасиетін көрсететін топқа жатқызылды. Келтірілген мысалдардан «кейінгі зат атаулары бастапқы заттың негізгі не жалпы, негізгі не қосымша, ықтималды не кездейсоқ интегралсемалары арқылы байланысатынын» көруге болады. Тотемдік «Қасқыр-бабалар» (С.Ақсұңқарұлы) түркі халықтары үшін жағымды ассоциация арқылы екінші атаудың тууына негіз болатынын көреміз. «Осы тұста Күлтегін ескерткішіндегі Истемі қағанның он тайпаны біріктіретіні, көне түркілердің қасқырды қасиет (тотем) тұтып, атын атамай «бөрі», «ит-құс» дейтіні, қазақ ішінде «бөрлі» деген рудың, жер аттарының кездесетіні, тіптен кейбір рудың туына қасқырдың бейнесі салынып, ұранына айналғаны еске түседі» [9]. ЮНЕСКО сыйлығының лауреаты, журналист Кенешбай Жұмаштың *Көкбөрі* бүркеншік есімін алудағы уәжі дәл осы мақсатты көздегендіктен деп айта аламыз. Сырттан таңылған *Қасқыр* лақап есіміне қарағанда, автордың саналы түрде таңдап алған *Көкбөрі* бүркеншік есімі жоғары идеяны, мақсатты көздейді. *Көкбөрі*ден тараған ұрпақтың бүгінгі мұрагері санаған автор өзіне ауыр жүк артады. Ата-баба мұрасына адалдықты сақтай отырып, оны лайықты дәрежеде сақтай білу және кейінгі ұрпаққа жеткізу міндетін алады. Мінездің өрлігін, қайсарлығын, қайтпастығын бойында сақтаған ұрпақтың өкілімін деген биіктік, асқақтық сезіледі. *Қасқыр* — бір адамның ғана мінез ерекшелігі болса, *Көкбөрі* — тұтас ұлттың идеялық ұстанымы.

Көріп отырғанымыздай, тұлға есімдері — тұнып тұрған тарих. Белгілі дәуірлерді жүзжылдық-мыңжылдықтармен өлшемей-ақ, «Әз Тәуке заманы», «Абылай заманы», «Бөгенбай-Қабанбай дәуірі» т.б. деу сақталған үрдіс. Бұлай деу тарихты жасаушы халық, оның «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шыққан өкілдері екендігін көрсетеді. Осы жүйріктер мен тұлпарларды ұрпақтары ғасырдан ғасырға халқы қойған, елі атаған есімімен (бейресми, қосымша) жеткізеді. Есімдердің халық жадында мәңгілік сақталуы ат қою сәтіндегі уәждердің шынайы, нақ, асқан дәлдікпен таңдалғандықтан деп түсінеміз.

Прецеденттік атау туралы ғалым А.С.Әділованың: «Прецеденттік атау құрылымының орталығы, ядросы — қабылданатын прецеденттік атау инвариантының дифференциалдық белгілері, яғни бейненің сыртқы ұқсастығы мен мінез-құлықтарындағы ұқсастық, прецеденттік жағдай, ал оның перифериясында атрибуттар орналасады. Сол себептен де прецеденттік атауда жинақталған хабар қаламгерге оны өз ой елегінен өткізіп, жаңа образ жасауға мүмкіндік береді», — деген тұжырымдамасының аталған есімдерде жүзеге асатынын байқауға болады [10].

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келгенде, атау, ат қоюдың сөздік қордағы дайын тілдік бірліктерді өз орнымен, белгілі мақсатта қолданысқа түсіретін, бойында талғампаздық пен шеберлікті ұштастыратын күрделі үдеріс екендігін көреміз. Ұқсату, салыстыру арқылы екі нысанның арасындағы ортақ белгіні тани білу есім берушінің жеке таңдауы сияқты көрінгенімен, оның түп-тамырының ұлттық менталитетпен тығыз байланыста жатқанын аңғару қиын емес. Халқымыздың тарихында қосымша не лақап, бүркеншік есімдерімен қалған әл-*Фараби* /Әбу Нәсір Мұхаммад бин Мұхаммад бин Тархан бин Узлағ әл-Фараби /, *Шыңғыс* /Темүге/, *Абылай* /Әбілмансұр/, *Қабанбай* /Ерасыл/, *Абай* /Ибраһим/, *Шоқан* /Мұхамедқанафия/, *Ыбырай* /Ибраһим/, *Балуан Шолақ* /Нұрмағанбет/, *Қаныш* /Ғабдулғани/, *Күләш* /Гүлбаһрам/, *С.Шәріпов* /М.Дәулетшин/, *Ә.Тарази* /Ә.Әшімов/ т.б. есімдер бейресмилік шекарадан өтіп, ресми сипатқа ие есімдер болып табылады. Қоғам мүшелерінің когнитивтік санасында бұл топ мол ақпарат көзін иемденген энциклопедиялық есімдер болып табылады. Әбілмансұр, Ибраһим есімдері оқушы үшін Абылай, Абай есімдерінің бойындағы ақпараттың жартысын да бере алмауы мүмкін. Сол себепті де соңғы есімдер үнемі қолданыста, жаңа туған сәбилерге қойылып, ұрпақтан ұрпаққа жете бермек.

Ғасырлар бойы халық санасында сақталып келген ұлы тұлғаларымыздың есімдері осылайша прецеденттік феноменін қалыптастырып, нақты адамды, тұлғаны атаудан басқа қандай да бір ұғымды білдіріп, сол жайында ақпарат беретінін байқауға болады. Қазақ шежірелеріндегі өткен дәуірдегі тарихи тұлғалардың бейнелері туралы айта келіп, тарихшы-этнограф М.Алпысбес былайша ой қорытады: «...батырлардың ерлігі (батырлар жырында, тарихи әңгімелерде), билердің шешендігі (билер сөзінде), қариялардың шежірешілігі, даналығы (қария сөзде), хандардың рахымдылығы (төрелер туралы әңгімелерде), байлардың дархандығы, әулиелердің кереметтері (агиологиялық мифтерде), сыншылардың сыншылығы, бектердің бектігі, мырзалардың мырзалығы, сондай-ақ әншілердің, ақындардың, жыраулардың өнері, қасиеттері — осылардың барлығы, бір жағынан, ұлттың тарихи-мәдени мұрасы болғанымен, екінші жағынан, ең бастысы, негізінен, өскелең ұрпақтың қалыптасуына тәрбиелік қызмет еткен. Тарихта өткен әрбір әйгілі тұлғаның әрекеттерін оңтайлы түрде оның жарқын жағынан да, көлеңкелі тұстарынан да көрсетіп, олардың мінезінен жақсы-жаман өнегесін көрсетіп тәрбиелей білген» [11].

Тіліміздегі кісі есімдерінің бейресми түрлерінің тілдік табиғатын антропоцентристік бағытта анықтау барысында қол жеткен нәтижелер мен пайымдаулар қазақ тіл біліміндегі этнолингвистикалық, лингвомәдениеттану және ономазиологиялық зерттеулердің теориялық негіздері мен принциптерін нақтылай түсуге септігін тигізетіні сөзсіз.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 *Верещагин М.Е., Костомаров В.Г.* Язык и культура. — М.: Рус. яз. — С. 56.
- 2 *Никонов В.А.* Имя и общество. — М.: Наука, 1974. — 276 с.
- 3 *Кенесбаев С.* Использование собственных имен в нарицательном значении // Исследования по казахскому языку. — Алма-Ата: Наука, 1987. — С. 198.
- 4 *Жанұзақов Т.* Жалпы есімдердің жалпы есімдерге, жалқылардың жалпы есімге ауысу заңдылықтары // Қазақ ономастикасы. — I-т. — Астана: Сервис, 2006. — 84-б.
- 5 *Бижкенова А.Е.* Содержательный и словообразовательный потенциалы деонимов (слов, восходящих к именам собственным). — Алматы: Ғылым, 2003. — С. 29, 30.
- 6 *Мадиева Г.Б.* Имя собственное в контексте познания. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2004. — 190 с.
- 7 *Жалайыр Қ.* Шежірелер жинағы. — Алматы: Қазақстан, 1997. — 56-б.
- 8 *Жұбанова Р.* Кебенек киіп кетіп еді... // Қ.Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. — Алматы: Ғылым, 1990. — 238-б.
- 9 *Жанұзақ Т., Рысберген Қ.* Қазақ ономастикасының зерттелуі, болашағы мен жетістігі // Ономастикалық хабаршы. — 2005. — № 2(4). — 37-б.
- 10 *Әділова А.С.* Әлемдік прецеденттік атаулардың қазақ әдебиетіндегі көрінісі // Ұлттық әдебиеттегі гуманизм өнегесі: Ғыл-практ. конф. мат. — Қарағанды, 2006. — 240-б.
- 11 *Алпысбес М.* Қазақ шежірелері тарихи дерек ретінде: Тарих ғыл. д-ры ... автореф. — Алматы, 2007. — 287-б.

Ш.М.Мажитаева, С.А.Рахымберлина, Ж.Д.Рапишева

**Природа прецедентных имен ономастического пространства в казахском языке**

В статье рассмотрены единство языка и познания в антропоцентрическом направлении, сила слова, языковые единицы — имена людей, которые дают информацию об особенностях ментальности казахского народа как о части общечеловеческой культуры и о присущих народу жизни и быте. Авторами проанализированы явления прецедентных имен в казахской антропонимике, обращено внимание на сохранность «языковой картины мира» в языковых единицах — в прецедентных именах, которые были сформированы на основе многовековой духовно-культурной ценности народа.

Sh.M.Mazhitaeva, S.A.Rakhymberlina, Zh.D.Rapisheva

**Nature of the precedent names of space onomastics in Kazakh**

In article the unity of language and knowledge of the anthropocentric direction, word force, language units — names of people which give information on features of mentality of the Kazakh people as about part of universal culture and about life inherent in the people and a life is considered. Authors analyze the phenomena of case names in Kazakh антропонимике, paying attention to safety of «a language picture of the world» in language units — in case names which were created on the basis of centuries-old spiritual cultural value of the people.

## References

- 1 Vereshchagin M.E., Kostomarov V.G. *Language and culture*, Moscow: Russian language, p. 56.
- 2 Nikonov V.A. *Name and society*, Moscow: Nauka, 1974, p. 276.
- 3 Kenesbayev S. *Using your own name in nominal importance. Studies in the Kazakh language*, Alma-Ata, 1987, p. 198.
- 4 Zhanuzakov T. *Kazakh onomastics, I*, Astana: Service, 2006, p. 84.
- 5 Bizhkenova A.E. *Pithy and derivational potential of Deon (words, rising to proper names)*, Almaty: Nauka, 2003, p. 308.
- 6 Madiyeva G.B. *Proper name in the context of knowledge*, Almaty: Publ. Kazakh University, 2004, p. 190.
- 7 Zhalayir K. *Genealogical collection*, Almaty: Kazakhstan, 1997, p. 56.
- 8 Zhybanova R. *K.Zhybanov and Kazakh advice language knowledge*, Almaty: Nauka, 1990, p. 238.
- 9 Zhanyzak T., Rysbergen K. *Messenger onomastics*, 2(4), 2005, p. 37.
- 10 Adilova A.S. *Humanity manifestations in the Kazakh literature: Materials of scientific and practical conference*, Karagandy, 2006, p. 240.
- 11 Alpysbes M. *Kazakh genealogical as a historical source: Avto-ref. for ... Doctor of Historical Sciences*, Almaty, 2007, p. 287.